

# АЛАТАУ Ардагері



alm\_obl\_ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№7 (121) 6 ақпан 2026 жыл

АТА ЗАҢ

## АШЫҚ ДИАЛОГ - СЕНІМ ТІРЕГІ

«Конституция «қатып қалған» құжат емес, қоғаммен бірге өзгеріп, мемлекеттік билік пен адам құқықтарының арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз етуі тиіс», - деген Әділет министрлігінің Заңнама және құқықтық ақпарат институтының заңнаманың тиімділігін талдау бөлімінің басшысы Тимур Авеноттің пікіріне толық қосыламын.

Расында да қоғамда соңғы жылдары әлеуметтік қатынастар, азаматтардың мемлекеттік басқару сапасына деген талабы, құқық қолдану тәжірибесі және технологиялық орта айтарлықтай өзгерді. Бұдан бірқатар жүйелік мәселелерді аңғардық. Конституциялық қағидаттар тек қағаз жүзінде қалмай, заңнама мен тәжірибеге бағдар болу үшін негіз қажет болуы тиіс. Әділдік, заңдылық және тәртіп қағидаттары заң тұрғысынан айқын болса, келешекте мемлекеттік жүйеден ортақ стандарттар қалыптасады.

Сондықтан Ата Заңда адамның құқықтары мен бостандықтары күшейтілуі керек. Сонда ғана мемлекеттің азаматтардың құқықтарын іске асыру мен қорғау жөніндегі жауапкершілігін күшейтеді, қойылатын талапты арттырады.



Ал қоғамдық талқылау реформаға деген сенімді арттырады және конституциялық нормаларды қағаз жүзінде қалдырмай, шынайы өмірде іске асыруға көмектеседі деп білемін.

Жаңа Конституцияда адам, оның құқықтары, бостандықтары мен қадір-қасиеті ең жоғары құндылық және мемлекеттік саясаттың басты бағдары ретінде танылуы тиіс. Сонда халықтың дәстүрлі құндылықтармен, тарихи тәжірибесімен әділеттілік, жауапкершілік және қоғамдық бірлік туралы түсініктермен тығыз байланысты принциптер толық көрініс табады. Ашық диалог болғанда ғана сенімнің тірегі беки түседі.

**Базарбай ОРАЛБАЕВ,**  
Қонаев қалалық Ардагерлер ұйымының төрағасы.

## Конституциялық реформа: оны түсіндіру

Конституциялық реформа-елдің Ата Заңын жаңарту немесе жаңа Конституция қабылдау процесі. Бұл тек кейбір баптарды түзету емес, Конституцияны жаппай қайта қарау немесе мүлдем жаңа Ата Заң қабылдау дегенді білдіреді.

Таяуда Кеген аудандық кітапхана қызметкерлерімен Конституциялық реформа тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

«Конституция-мемлекеттің негізі, оны түсіну-әр азаматтың ортақ міндеті.» деп түсінген кездесуді ұйымдастырушылар осы шара барысында жиналған көпшілікке Конституциялық комиссияның құрамы, Конституциялық комиссияның ашықтығы мен жариялылығы, талқылау үрдісі туралы, Конституцияның жаңа редакциясы туралы, қолданыстағы Конституция мен жаңа Конституцияның айырмашылықтары қарапайым, түсінікті тілде кеңінен түсіндірді.

Бұл жұмыстардың мақсаты - реформалардың мәнін ашу, құқықтық сауаттылықты арттыру және қоғамның саналы түрде қатысуына жол ашу.

**Е. ТАЛИПОВ,**  
Кеген ауданы.

ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ- ОРТАҚ ОЙ АЛАҢЫ

## КАУІПСІЗ БОЛАШАҚ

«Асыл Ана» қоғамдық бірлестігі 2025 жылы облыстық Ардагерлер ұйымы жанынан құрылды. Құрылу мақсаты – қоғамда аналар мен әжелердің ролін арттыру, отбасы құндылықтарын сақтау және ұрпақ тәрбиесіне үлес қосу. Бірлестіктің негізгі міндеттері – аналардың қоғамдық белсенділігін арттыру, жас отбасыларға бағыт-бағдар беру, ардагерлер мен жастар арасындағы байланысты нығайту, ел бірлігі мен тәрбиелік құндылықтарды насихаттау.

2026 жылдың 20 қаңтарында Қызылорда қаласында өткен Ұлттық құрылтайда ел тағдырын айқындайтын маңызды әлеуметтік-саяси мәселелер талқыланды. Онда азаматтық қоғамды дамыту, саяси реформалар, әлеуметтік әділеттілік және ұлттық бірегейлікті сақтау секілді бағыттар көтерілді. Осыған байланысты аналар ауданда Құрылтайда талқыланды. Мәселелерге баса назар аударып, өздерінің ой-пікірлерін алға тартуда.

Менің ойымша, Заңға енгізілетін өзгерістер халықтың нақты сұранысына жауап беруі тиіс. Әсіресе ардагерлерге, аналарға, көп балалы және жас отбасыларға нақты қолдау көрсету бағытында нақты нормалар енгізілсе, бұл – қоғамды нығайтуға үлкен үлес. Ұрпақ тәрбиесі – осы заманның басты стратегиялық міндеті. Ұсынылып отырған конститу-

циялық өзгерістер ең алдымен адам құқығын қорғауға, отбасы құндылықтарын нығайтуға, әділетті және жауапты мемлекет қалыптастыруға бағытталғанын атап өткім келеді. Бұл – ардагерлер мен аналар қауымының басты ұстанымдарымен үндесетін маңызды бастамалар.

Біз үшін елдегі бейбітшілік, заңның үстемдігі, балалардың қауіпсіз болашағы – басты құндылық. Конституциялық түзетулер осы мақсаттарға қызмет етіп, қоғамдағы әділдік пен ашықтықты арттырады деп сенеміз. Әсіресе, азаматтардың пікірін ескеру, халықтың шешім қабылдау үдерісіне қатысуын кеңейту – демократиялық қоғамның айқын көрінісі.

**Гүлзира СТАНҚҰЛОВА,**  
Жамбыл аудандық мәслихатының депутаты,  
«Асыл ана» қоғамдық бірлестігі аудандық кеңесінің төрайымы.

## РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – БОЛМЫСЫМЫЗДЫҢ ТІРЕГІ

Қызылорда қаласында өткен Ұлттық Құрылтайдың бесінші отырысында еліміздің өткені мен бүгінге және болашағына қатысты біраз орнықты ойлар мен ұтымды ұсыныстар айтылды. Солардың бірі-рухани дүниеміз, рухани құндылықтар, ұлттық мәдениет туралы бірнеше маңызды ойлар.

Бұл тұжырымдар ресми баяндама мен кейінгі үкімет отырыстарының қорытындысы бойынша белгілі болды. Құрылтайдағы тапсырмалар мен президенттің нұсқауларына сәйкес мемлекеттік рухани, моральдық және отбасылық құндылықтарды белсенді түрде насихаттау жұмыстары күшейтіледі. Бұл бағытта ақпараттық-түсіндіру жұмыстары мен мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету жөнінде шаралар жоспарланып отыр. Бұл-рухани дүниенің әлеуметтік-мәдени бөлігін қалыптастыруға бағытталған қарарлардың бірі.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев дін бостандығы мен сенімдер арасындағы моральдық кемсітушіліктерге жол берілмеуі керектігін атап көрсетті. Бұл рухани еркіндік пен діни төзімділікті сақтаудың маңызына баса назар аударуды білдіреді. Құрылтайдың тапсырмасында ұлттық тарихи-мәдени мұраны

сақтау және халықаралық деңгейде танымал ету мәселелері де бар. ЮНЕСКО тізіміне Қазақстанның тарихи нысандарын енгізу бойынша да жұмыстар жүргізілетін болады. Абайдың қара сөздері сияқты мәдени ескерткіштерді жоғарыда аты аталған ұйымның «Дүниежүзілік естелік» тізіміне енгізу әрекеттері жүретін болады. Бұл қадамдар ұлттық рухани әлеміміздің тарихи және мәдени элементтерін сақтау мен дамытуға бағытталған.

Ұлттық Құрылтайда рухани дүниеміз туралы басты айтылғандар-рухани, моральдық және отбасы құндылықтарын насихаттау, діни сенімдер арасындағы тең құқылық пен толеранттылық, ұлттық тарихи-мәдени мұраны қорғау және халықаралық деңгейде таныту.

**Дархан ЕРБОСЫНОВ,**  
ардагер ұстаз.  
Балқаш ауданы.

ЕСЕП-БЕРУ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

Алатау қаласының «Ардагерлер» ұйымының кезекті конференциясы 2026 жылдың 2 ақпан айында Жаңаталап ықшам ауданында орналасқан мектептің көрермендер залында өтті. Конференцияға 12 ықшам ауданның «Ардагерлер», «Асыл ана» Қоғамдық кеңестің төрағалары, мүшелері, ауыл тұрғындары, «Жастар» ұйымының төрағасы, ауыл жастары, қалалық Маслихат төрағасы Роза Михайловна, қала әкімдігі саясат бөлімінің басшысы Ақжігітов Ардагер Өркенұлы, Қоғамдық кеңестің төрайымы Риза Сауырбаева қатысты.

## Белсенді қатысуымен

Конференцияны Алатау қаласы Ардагерлер ұйымының төрағасы Асқар Махмудович Юсупов ашып, қатысушыларды күн тәртібіне қаралатын мәселелермен таныстырды. Атап айтқанда күн тәртібіне «Ардагерлер ұйымы мүшелері құрамын ішінара өзгерту», «Ардагерлер ұйымының Президиумы құрамына өзгерту енгізу», «Ардагерлер ұйымы төрағасының орынбасарын сайлау, Республикалық «Ардагерлер ұйымы қоғамдық бірлестігі Алматы облыстық филиалының есеп беру-сайлау конференциясына делегаттар құрамын сайлау мәселелері ұсынылды.

Бұдан соң қалалық мәслихат төрағасы Роза Михайловна Абилова сөз сөйлеп, жиналғандарға Қызылорда қаласында өткен ұлттық Құрылтай және жаңа Конституцияны қабылдаудың маңызына кеңінен тоқталып өтті. «Жаңа Конституцияның басты мәні – адам. Адамның құқығы, бостандығы, әділдік пен Заң бірінші орынға шығады. Мемлекет білімге, ғылымға, жаңа технологияларға басымдық бермек. Сондықтан, барлығыңызды өз ұсыныстарыңызды ай-



тып, Конституция жобасын қолдауға шақырамын», - деді өз сөзінде Роза Михайловна. Сондай-ақ, Алатау қаласы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің басшысы Ардагер Ақжігітов те Ата Заңымыздың қабылданып жатқан бірнеше бөлімдеріне кеңінен тоқталып, өз ойын ортаға салды.

Ұсынылған күн тәртібін талқылау бойынша Риза Сауырбаева, Дәулет Ықшам ауданы бастауыш ардагерлер ұйымының төрағасы А.Қарабаев, қалалық ардагерлер ұйымының мүшесі Қ.Нұранова сөз сөйлеп, өз ойларын көпшіліктің талқысына салды. Айтылған ұсыныс бойынша қалалық ардагерлер ұйымының мүшелігіне бірауыздан 33 адам, Президиум құрамына 8 адам, 10 адам облыстық ардагерлер кеңесінің есеп беру-сайлау конференциясына делегат болып сайланды. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша қалалық ардагерлер ұйымы төрағасының орынбасары болып Асан Құлтанов сайланды.

Есеп беру-сайлау конференциясы ардагерлердің белсенді қатысуымен жоғары дәрежеде өтті. Іс-шараның соңында мәдениет үйінің өнерпаздары өз өнерлерін көрсетіп, елдің батасын алды.

Өз тілшіміз

## Атқарылған жұмысқа баға берілді

Қазір облыс көлеміндегі аудандық ардагерлер ұйымдарында есеп беру және қайта сайлау конференциялары жүріп жатқаны белгілі. Сондай іс-шараның бірі Балқаш ауданындағы Мәдениет үйінде өтті.



Конференция жұмысына аудан әкімдігі мен ауылдық округтерден сайланған 150 делегаттың 140-ы қатысты. Конференцияның күн тәртібіне Балқаш ауданы ардагерлер ұйымы төрағасының есебін тыңдап, бекіту, Балқаш ауданы ардагерлер ұйымының пленум құрамын және президиум мүшелерін сайлау, ардагерлер ұйымының төрағасы мен орынбасарын сайлау, тексеру комиссиясының мүшелерін сайлау және Алматы облысы Арда-

герлер ұйымының конференциясына делегаттар сайлау секілді мәселелер қойылды.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Балқаш ауданы ардагерлер ұйымының төрағасы Бақыт Сқабаевқа сөз берілді. Ол 2020-2025 жылдар аралығында аудандық ұйымда атқарылған істерге шолу жасап, есебін берді. Сөз кезегін алған Бірлік ауылдық ардагерлер ұйымының төрағасы Кәрік Анапін, Жиделі ауылдық ардагерлер ұйымының төрағасы Шыңғыс Байсынов және Желторанғы ауылдық ардагерлер ұйымының төрағасы Мұрат Мырзахметов өздерінде атқарылған, атқарылатын істер жөнінде қосымша хабарлама жасады.

Аудандық ардагерлер кеңесі төрағасының атқарған жұмысына қанағаттанарлық деген баға берілді.

Осыдан кейін тексеру комиссиясының төрағасы Сыдық Үркінбаевтың есебі тыңдалып, бекітілді. Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша ардагерлер ұйымының пленум құрамына 29 адам болсын деп, дауыс берілді. Президиум мүшелерінің құрамына 7 адам сайланды.

Аудан әкімі Азат Құтпанбетов аудандық ардагерлер ұйымының төрағалығына Бақыт Сқабаевтың кандидатурасын ұсынды. Президиум мүшелері бұл ұсынысты қолдап, Бақыт Сқабаев Балқаш аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы болып қайта сайланды.

Осы шара барысында тексеру комиссиясының жаңа мүшелері сайланды. Облыстық Ардагерлер ұйымының конференциясына ауданнан жеті делегат сайланып, олардың тізімі жария етілді.

Осымен Балқаш ауданында өткен конференция өз жұмысын аяқтады.

**Алтынбай ШӘКЕНҰЛЫ,**  
Балқаш ауданы.

## Көшеді өлең...

(Мұқағали Мақатаевқа)

«Мұқағали өлеңдері өшпейді. Қайта  
ғасырдан-ғасырға көше береді...»

Әбділда ТӘЖІБАЕВ.

Жайып тастап жаныңның асылдарын,  
Жалған сөзге жабырқап бас ұрмадың.  
Өмірінді өлеңге арнадың да,  
Тереңінен сыр тарттың ғасырлардың.

Пенделікті тегіңнен ұнатпадың,  
Жүректерге жыр болып тұрақтадың.  
Қара шалғын, Қарасаз қойнауларын,  
Өлеңменен сөйлеттің бұлақтарын...

Қалайтынсың қашан да толғанысты,  
Ойлайтынсың ақиқат, ар-намысты.  
Қаяу шеккен қапалы адамдарға,  
Көрсетіп те тастаушы ең қолқабысты.

Артық еді-ау әркімнен даналығың,  
Жақындатып жер мен көк аралығың.  
Еріксізден елжіреп бас шайқадың,  
Басқалардың көргенде шалалығың.

Бір бағыт боп өзіңе ұстанғаның,  
Елдікті де, кендікті құшқан жаның.  
Сен көрінсең жүруші ед басын иіп,  
«Аласармас айбынды дұшпандарың».

Жеңіл ойға желпініп берілмедің,  
Қашан болса тасынып, төгілгенің.  
Қайда жүрсең сағынып еске алумен,  
«Алтын ордам, аяулы елім» дедің.

Ел алдында қымсынып қысылмадың,  
Өлең болды өрнектеп ұшырғаның.  
Әділдікті ту еттің, түсірмедің,  
Махамбеттің суреті тұсыңдағың...

Жетпеймін деп төріне ұшпағымның,  
Білдің бе екен ғұмырдың қысқалығың.  
Қайран Мұқа, кенеттен көз жұмдың-ау,  
Қайталанбас Қасым боп ұсталығың...

Сенің орның қалайша бос қалады,  
Елің сені есінен тастамады...  
Мұқа, жырың мұзбалақ қырандайың,  
Шарлап кетті шартарап, астананы...

Атты тағы өлкеңнің тұнық таңы,  
Қарауытқан тауларың тынып бәрі.  
Бозаң далаң, боз далаң сағыныштан,  
Сарғаюмен жоқтайды, ұмытпады...

Тынбастан тамылжыған бұлбұл әні,  
Әнге қосып өзінді құбылады...  
«Сол бала қайда кетті» деп,  
Бұлағың да бұлқынып булығың...

Көкірегінде лаулатып отың бәрін,  
Жайнатумен, жасартып көктің нәрін.  
Ел мен жерге келгенін сезесің бе,  
Өзің күткен қарлығаш, аққулардың.

Қимап едің өмірдің жылылығың,  
Тесірейіп теріс дер мұны кімің...  
Қайран Мұқа,  
Қандай сен қазына едің,  
Жаңа ашылып келед-ау ұлылығың...

Бүгін неге толқумен толғанбайың,  
Аңсар ауып бәрін де армандаймын.  
Қайда барсам қалықтап қарсы алады,  
Өлмейтін өлеңдерің, «Саржайлауың».

Бір сұлулық тербеумен айналаны,  
Қанша болды құлпырып жайнағалы.  
Желпіп өткен туған жер самалы да,  
Гүл қағып өзінді аймалады...

Жүрегіннің жұлқынған оты мұнда,  
Шабыт болып, шаттығын шақыруда.  
Өзің үшін ақындар өлең арнап,  
Жырларың да жаңғырып оқылуда.

Ойсырамас орны бар жыр-дастаның,  
Жатқа соғып жүр әне құрдастарың.  
Мұқағали жырлары құлаш сермеп,  
Жайнатуда еліңнің нұрлы аспаның.

Сарқырама бұлақты сайың - дағы,  
Гүлге оранған қырка мен ойың - дағы.  
Өлеңіңнің өшпейтін, көшетінін,  
Елің сенің бас иіп, мойындады...

Қанат ТӘЖЕБАЕВ.  
Қарасай ауданы.ЖАЗЫЛАР ЕСТЕЛІКТЕР  
МЕН ТУРАЛЫ...

Мұқағали жайлы аз білетіндер оны асып кеткен тентек, тек ішіп қана өмір кешкен деп былжырайды. Бұл – нағыз қиянат. Біріншіден, ол аса еңбекқор әрі ерекше таланты ақын болды.

Нұрғиса Тілендиев

Қазақ жырының бір алыбы Мұқағали Мақатаев биыл тірі болса 95 жасқа келер еді. Біз бүгін ақынның көзін көрген, қазір бірі – жазушы, бірі – ақын, бірі – әнші – сазгер інілерін сөйлетіп, Мұқағали шайырдың ақындық, адамгершілік келбетін басқа қырынан кескіндемек болдық. Мұқағалидың ақындық адамдық қасиеттері жөнінде ол өмірден өткен соң көп жазылды. «Жазылар естеліктер мен туралы» де өзі де аңғартқан ғой. Айтыла да, жазыла да берер.

Сол сияқты Оразақын Асқардың «Ақын лабораториясына үңілгенде» атты естелігіне үңілсек, ақынның өміріндегі кейбір алып қашпа ақпараттарға өз білгенін төмендегідей түйіндейді.

Білмейтін адамдарда әсіресе кейінгі жастарда Мұқағали туралы «маскүнем» деген теріс түсінік қалыптасқан. Ол негізі, мүлде басқа адам. Керемет сыпайы, ақкөңіл. «Жаным», «күнім», «қарағым» деп отыратын. Езуінен күлкі кетпейтін. Ал, ішіп алса, қабағы шытылады, бойына бір күш біткендей болып, мүлде өзгеріп кетеді, «үлкен екен», «кіші екен» демейді, айтатынын айтады. Ерtesіне «сен сөйттің» десең, кірерге тесік таппай ұялады. Өзің тіпті «бекер айттым ба!» деп қаласың. Талантты болғандықтан да қолпаштайтын кісі көп, ішпесіне қоятын ба еді? О баста менің өзімнің «Мұқағалиды бір көрсем» дегенім сияқты, өлеңге қызыққан әр адам оны аңсап келеді ғой. Келген соң, әрине, құрмет көрсеткісі келеді.

Екінші бір жаңсақ пікір «Мұқағали деген Алматыға келіп, үйсіз-күйсіз қаңғып қалған біреу екен ғой» дегенде саяды. Олай емес. Өлеңдері жарияланып тұрды. Өзі «Жұлдыз» сияқты маңдайалды журналда қызмет істеді. Жазушылар одағында кеңесші, жастар жөніндегі хатшы болды. Мұның бәрі бір кісіге аз нәрсе емес. Көзінің тірісінде сегіз кітабы мен таңдамалылар жинаған шығарады. «Қаңғып жүрген біреу» болса, сөйтер ме еді?

Сүйсініп, сүйініп те жазғандары бар. Бірақ «көрмес түйені де көрмес» дегендей, жұрттың көзіне тек басқа мағынадағы өлеңдері ғана түседі десе, ақынның жан жары Лашын жеңгеміздің ол туралы жазған естелігі ақын бойындағы кешірімділік, дархандығы кім – кімді болса да бей жай қалдырмайтындығын аңғартады.

Көбіне Мұқанды Тоқаш келіп әлдеқайда ертіп алып кететін. Екеуі өлге-өлгенше айнымас дос болып өтті ғой. Не құпиялары болса да іштерінде кетті. Олар сол сыйластықтары арқылы достықтың биік үлгісін көрсетті. Қайда барса да бір бірінсіз бармайтын. Отырыс жиындарда да бірін бірі қолдап, сырларын шертіп, күлдіріп отыратын. Бірге жүрсе көп алан да болмайтынмын. Мұқан балажан болды. Қызы Шолпан-

ды мойнына салып алып бірге ойнағанды жақсы көретін. Тұңғыш қызымыз Ләззат алты айлығында шетінеп кетті ғой. Айбары сәл тентектеу болып өсті. Ал Майгүл жайын өзің білесің.

Мені балаларыммен қоса ұйықтатып тастап барып өлең жазуға оңашалататын. Осылайша таңды атыратын кездері де бар. Жүмекеннің: «Мұқанның шамы таң атқанша сөнбейді» деп әзілдейтін де содан. Бір жазғанда өндіріп тастайтын. Ал үлкен дүниелерге әбден әзірленіп болған соң барып отыратын. «Ильич», «Райымбек, Райымбек», «Аққулар ұйықтағанда» поэмалары осылай туған. Мұндайда ұйқыны да, тамақты да ұмытамын. Бізге



беймәлім бір күлдіретің әсеріме, көзінде нұр жайнап, жүзінде қан ойнап алабұрттып отыратын. Ерtesіне жазған өлеңін шабыттанып, мақтанып шай үстінде ең әуелі маған оқып беретін. Сонсоң үйде отыра алмай қанаттанып, жанаттанып Одақ жағына асығатын.

Ақын бойындағы асыл қасиетті КСРО және Қазақстанның халық әртісі: Бибігүл Төлегенова, «Тектілігімен биік еді» естелігінде былайша ши өрбіткен екен.

«Әлі есімде, 1950 жылдың бас кезі. Мұқағали екеуіміз қазақ радиосында бірге жұмыс істедік. Мен - әншімін, ол – диктор. Біз секілді студенттер үшін бұл деген үлкен олжа.

Менің байқағаным, ол қашан да кеудесін тік ұстайтын. Көңіліне кір жасырмайды. Кімнің алдында болса да пікірін ашық әрі нық айтады. Бірақ, шуағы мол. Әдемі қалжындайды. Тектілігі көрініп тұрады. Әйтеуір өзіме деген сый-құрметінен басқа бөгде қылығын көрген емеспін. Талантты, өнерді өте жоғары бағалайтын.

Жетпісінші жылдар Нұрғиса Тілендиевтің «Кел еркем, Ала-тауыма» деген әнін орындадым. Шығарманың сөзі де, сазы да керемет, бір-біріне үйлесіп, төгіліп тұр. Соның мәтінін жазған Мұқағали екен. Тіпті, маған арнап «Бибігүлге» деген тамаша өлең де жазды. Бір кеште әнші қыз оны домбыраға қосып шырқап тұр. Бәрін кейін білдім. Ал, Мұқағали ондай нәрсені алдыға тартып, мен мынандай жұмыстар істедім деп ешкімге міндетсінбейтін.

Табиғаты, болмысы бөлек жандар болады. Мұқағали сондай адам. Кім біледі, арнасына асыл-тасып, төгіліп жүрме-

се жұрттың көкейіне қонатын мынандай ғажайып жырлар бәлкім тумас па еді. Не десек те, нағыз ақындар-оңай шешіле бермейтін жұмбақ. Уақыт өткен сайын ашыла түсетін сондықтан» десе, Қазақстанның халық әртісі: Нұрғали Нүсіпжанов, Мен білетін Мұқағали өлеңі адамды өзіне тартып тұрады.

70 жылдың басында Мұқағали ақынмен алғаш рет диалогтасым. Жаңадан комсомол сыйлығының иегері атанған кезім. Опера – балет театрында үлкен концерт болды. Соның арасында сусын ішейін деп, «Алматы» қонақ үйіндегі мейрамханаға кірдім. Ту сыртымнан «Бей, әнші бауырым, аман ба» деген тұнық, үні зор дауыс естілді.

түсіретін. Содан болар оның таланты талай «лауреаттардан» артық болса да «еленбей қала беретін». Оның тірі кезінде бірден-бір сырты қалың кітабы шыққан емес, баспананың бастығынан бастап оның бөлімдеріне дейін, бір мафияның адамдары болғандықтан, оның жақсылығын басқалармен бөліскісі келмейтін.

Жалпы, Мақатаев жөнінде екі пікір бар: біріншісі – «Бұл – осы күнгі әдебиеттің жол бастаушы, ең күшті ақыны» десе, екіншісі – оның басынан кешкен нағыз өмірі жайлы бүгінгі баспасөз бетінде айтылып жүрген әңгімелер. Мұндай адамдар туралы кесімді пікір айту өте жауапты жұмыс болғандықтан да бұл кейінгі қалдырылып келе жатыр. Ал, басқа ақын-жазушылар туралы пікір қалыптасып қойған.

Мен Мұқағалидың ең алғаш 1956 жылы көрдім. Соның алдынан радиода диктор болып істеп, Алматыға біресе келіп, біресе кетіп жүрген екен. Мен көрген кезде ҚазГУ-ге түсейін деп жүрді. Ол «орыс әдебиетіне», мен «физматқа» тапсырып жаттық. Өлең жазатынымды естіп, «қашан сенің өлеңіңді оқимыз?» деп айналдырып жүрді. Ал, оның өзін мен 1954 жылы «Әдебиет және искусство» журналына шыққан бір өлеңі арқылы білетінмін.

Оның екі тағдыры болды. Бірі - өмірмен жағаласу, өзін мойындаттыру. Ал, өмір оған көне қойған жоқ, жеңді. Бірақ Мұқан өзінің кегін о дүниеге кеткеннен кейін алды. Бәрі оны қайтадан танып, кімді жоғалтқанын біліп, өзін партиядан шығарып тастаған жерде оған арнап музей ашты. Ондай музей Одақта, ТМД-да жоқ Бүкіл Қазақстан оны қазақтың Абайдан кейінгі санаулы ғана ақындарының бірі деп санайды. Мен үнемі өкінішпен еске түсірем: осындай адамдардан қазақ халқы керемет пайда көрген болар еді. Бұл мүмкін Сәбиттің де, Мұхтардың да, мүмкін Жамбылдың да жасына келер еді. Бірақ ондай ғұмыр кеше алмады. Көзінің тірісінде аяғына шөңге лақтырып, шалғаннан басқа ештеңе жасамағандар қазір, әйтеуір, Мұқанмен дос болуға, бауыр болуға тырысып бағуда.

Әдебиет деген әу баста тілімізге арабан келіп еніп, қазақшалағанда асыл сөз деген мағына беретін әдемі, әрлі сөз болса, ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың шығармашылық әлемі осынау қастерлі ұғымға лайық, «қызың жифан жүгіндей», «қырмызы кілемнің түгіндей» жанды жаратылыс екені дәлел тілемейді. Ол қысқа өмірінде нұсқа, кілең ажарлы да базарлы өлең үлгілерін қалдырып кетті. Бұл - әрине, тіршілікті үлкен жүректен өліп-өшіп сүйіп, біздің жүрегімізді бүкіл әлеммен табыстырып, бірге соқтыра алған шынайы таланттың ғана қолынан келетін шаруа. Бұл - әрине, халық қазынасы – дария тілдің тұнығын терең кешіп, жауһар – маржандарын еркін сүзе алған кемел суреткердің ғана қолынан келетін іс.

Сұлтан ЖАРҚЫНБЕКОВ,  
ақын-драматург,  
халықаралық жазушылар  
одағының мүшесі.  
Алатау қаласы.

● БӘРЕКЕЛДІ!

# Азаматтарын ардақтаған ауыл

Бүгінгі күні түгіні түзу шығып, ауызбірлігі мен ынтымағынан ырысы тасып, ауылының дәулеті мен сәулеті артқан туған жерге не жетсін. Осы тұрғыдан алғанда, «Ауылына қарап, азаматын таны» деген аталы сөз де тегін айтылмаған сияқты. Ауылының абыройы мен мәртебесін көтеріп, аяқтары мен аяқтары шыққан азаматтар мен азаматшалар арамызда аз емес. Олар-туған жеріне ту тіккен ауыл мақтаншытары.

Осы аптаның аяғында Елтай ауылдық мәдениет үйінде «Тұғыры биік – туған ел!» атты тақырыпта ауыз толтырып айтарлық игілікті іс-шара болып өтті. Аты айтып тұрғандай, аталмыш шараның көтерер жүгі салмақты болуымен әрі мәні мен маңызының тереңдігімен жиналған қауымның бірден назарын аударды. Олай болатын жөні де бар екен.

Құрамына тоғыз елді мекен кіретін Елтай ауылдық округінің кендігі де керемет. «Келісіп пішкен тон келте болмайды» деген мақсатпен осы ауылдағы елге танымал өлкетанушы, Қарасай ауданының Құрметті азаматы, ҚР Білім беру ісінің үздігі, Ыбырай Алтынсарин атындағы төсбелгісінің иегері, жарты ға-

сырлық ұстаздық жолдан өткен ардагер Орынбасар Жанәділ жақсы бастаманың иесі атанды. Онысы аудандық мәдениет үйіндегі мұражайдан ауылдардағы белгілі тұлғалардың басын қосып, арнайы бұрыш ашу еді.

Оның бұл арманы айналсын-дағылардан қызу қолдау тапты. Олар-Береке ауылдық ақсақалдар ұйымының төрағасы Әбдіжапар Көшербаев, мәдениет үйінің директоры Қолқанат Измаханов, «Асыл ана» ұйымының төрайымы Құлпан Исабаевалар. Бұл жанашыр жандар жақсы көмегін көрсетті. Ал, жергілікті кәсіпкерлер Арын Төттібаев пен Болат Дүйсебаевтар демеушілік жасап, қол ұшын берді.

Сөйтіп, «Тұғыры биік – туған



ел!» бұрышы көрнекілігімен көпшіліктің игілігіне берілді. Оған облысқа белгілі тұлғалардың портреттік суреттері мен тарихы мен өмірбаяндары ілінді. Атап айтқанда, Кеңес өкіметін құруға атсалысқан Байбосын Тамабаев, Жүсіп Бабаев, Қорласбай Шабалов, Жұмаділ Ақымжанов, Түбек Есенқұлов, Ұлы Отан соғысының ардагері, ұшқыш Сәт Жылқышев, Кеңес одағының батыры Мәншүк Мәметованың майдандас қаруласы Бекболат Кереевтер. Бұдан арғылары бейбіт күннің берекесін кіргізгендер болып жалғаса береді.

– Бұл тек жақсы істің бастамасы ғана. Алда мұны толықтыра түспекпіз. Сол сияқты әр ауылдың тарихын бейнелейтін

суретті альбомдар жасауды да қолға алмақпыз, – дейді өлкетанушы Орынбасар Жанәділ.

Осынау қастерлі бұрыштың тұсаукесер рәсімі салтанатты жағдайда ашылды. Ақ жаулықты аналар шашуларын шашты. Елтай ауылдық ақсақалдар ұйымының төрағасы Әзербай Үркімбаев ақ батасын беріп, ағынан ақтарылды. Ауыл тұрғындары осынау ересен еңбегі үшін Орынбасар Жанәділге ақ ниетті алғыстарын айтып, сый-сияпат ретінде шапан кигізді. Алдағы ісіне бірауыздан сәттіліктер тіледі. Көпшілікке «Асыл қазына» ансамблі тамаша өнерлерін көрсетті.

**Қанат ТӘКЕБАЕВ.**  
Елтай ауылы  
Қарасай ауданы.

● БАСТАУЫШ ҰЙЫМДАРДА

Шелек ауылдық ардагерлер ұйымының алқа мүшесі, «Асыл ана» қоғамдық бірлестігі ауылдық кеңесінің төрайымы Гүлжан Үмекова белгіленген жоспарға сәйкес мектептерді аралап, оқушылар мен ата-аналарға қыздар тәрбиесі, әдеби, гигиенасы, әке-шешенің ұл-қыздарын тәрбиелеудегі рөлі, ұлттық құндылықтарымызды білу, оның рухани тәрбие беруде алатын орны жайлы лекциялар оқып, әңгімелер өткізіп жатыр.

## ЖОСПАРҒА СӘЙКЕС

Қазірдің өзінде Гүлжан бастаған аналар кеңес мүшелері № 1 гимназияда, Абай атындағы және басқа мектептерде болып қызықты



әрі мазмұнды кездесулерін өткізді. Оқушылар мен ұстаздар, ата-аналар қауымы оларға ризашылығын білдіріп жатыр. Үмекова зейнеткер, тәжірибесі мол балалар дәрігері, қоғамдық жұмыстарға белсене қатынасып жүр. Еңбекшіқазақ ауданының Құрметті ардагері, көптеген марапаттардың иесі.

Ардагерлер алқасы, «Асыл ана» кеңесі, «Алатау жастары» ұйымының алдағы уақыттарға жоспарлаған басқа да шаралары бар. Оларды іске асыру үшін күш жұмылдырып, ұйымдастыру жұмыстарын жыл басынан бастап жандандырып жатырмыз.

**Ә.АЙТАҚЫНОВ,**  
Шелек ауылдық ардагерлер  
ұйымының төрағасы.

● ЭХО ВОЙНЫ

# ПОД ОККУПАЦИЕЙ НА УКРАИНЕ провёл свое детство житель нашей области.

Про этого удивительного человека - Сусол Сергея Антоновича, живущего с дочкой Олей в городе Есик, мы уже писали в прошлом году. Наш герой разменял уже десятый (!) десяток лет и продолжает быть в меру активной и творческой личностью. Как говорится, пенсионерам на заметку.

На его судьбу выпало множество испытаний. Его отец, кадровый офицер, первым встретил врага на границе с Польшей летом 41-го года. Был контужен при артобстреле позиции врагом, попал в плен, бежал, оказался в партизанском отряде и уже оттуда вышел на свою воинскую часть. Прошёл «сито» НКВД, был разжалован до рядовых, но получил шанс кровью доказать преданность Родине на передовой.

Его личная отвага и товарищеский из вверенного взвода при обороне топливного склада позволили отстоять стратегический на этом участке фронта объект. В живых осталось только четверо, но с поста они не ушли. Именной пистолет с орденом от самого командующего Украинским фронтом маршала Ивана Конева вернули ему честь советского офицера, звезды на погоны и доверие.

Будучи семилетним мальчишкой, с шестью братьями, Сергей видел бомбёжки родного села, ранения, смерти, исход односельчан за воинскими частями отступающей Красной армии, насиль-



ственные возвраты (под угрозой расстрела), нагнавших их конные обозы немцев и годы жизни под оккупацией. Был связным у партизан, со страхом смотрел на показательные казни через повешение и расстрелы коммунистов, комсомольцев, евреев.

После победы СССР над фашистской Германией командование направило отца с семьёй на Сахалин - на охрану дальневосточных морских рубежей Союза. Там Сергей Сусол, окончив авиационное училище, шесть лет летал на истребителях Як-3. После демобилизации уехал на юг, в



**На снимках:**  
1) Долгожитель Сергей Антонович исполняет под аккомпанемент гармони песни, которая и «жить помогает».  
2) Сергей Антонович в молодости, с супругой Любовью.

Казахстан, в Алматы, где поступил учиться в местный политехнический институт на строителя. Завёл семью, воспитывал с супругой Любовью четверых детей. С этой профессией он доработал до самой пенсии, участвуя во всех важных стройках Алматинской области, пережил утрату родных людей (супругу, троих сыновей).

Сегодня мы хотим рассказать читателям о случае, который из-за объёма не вошёл в первую публикацию, - о том, как в оккупацию Сергей с друзьями помогал партизанам и селянам приближать победу над фашистами.

Вот рассказ Сергея Антоновича:

«Дело было перед Рождеством. Немцы привезли в село новогодние подарки, ящики с ними разгрузили в штабе – бывшем роддоме - и выставили охрану. Новость быстро разлетелась по оккупированному селу. Мы придумали целую операцию по отвлечению немцев. Я играл на губной гармошке, а друг отплясывал украинский гопак. Двое других тем временем выставили окно и проникли в помещение. Оттуда мы утащили подарки, диковинную для нас настоящую рождественскую ёлку из веток и перьев, украшенную гирляндой-подсветкой от батарейки. Потом мы её сломали и выкинули (куда же её нести?).»

Заодно прихватили пачку чистых бланков - как оказалось, это были ausweis (аусвайсы) - удостоверения-пропуска. Но без печати они были недействительны, и по заданию партизан мы спустя время вновь проникли в немецкий штаб, утащили печать и под утро вернулись её обратно на место. Благодаря этим бланкам многие сочувствующие партизанам селяне могли передвигаться по округе и передавать бойцам сопротивления важные сведения о враге.

Конфет и печений в тот день мы наелись «от пуза», остатки спрятали в заброшенном сарае. Немцы на следующий день устроили обыск в каждом доме, но не нашли ни одного фантика.

Также на нашем подворье стояли два военных грузовика крытые брезентом. Жгучее мальчишеское любопытство - «что же там?» выявило, что там хранились ящики с боеприпасами. Вот так, понемногу, мы облегчали эти ящики, прятали гранаты, пистолеты и патроны к ним в устроенных сخронах. Потом, тайком, оружие передавалось через взрослых в партизанский отряд «Коминтерн».

Вот такой историей о детстве ветерана С.А. Сусола в годы войны мы решили ещё раз поделиться с нашими читателями. В эти зимние дни 2026 года Сергей Антонович продолжает писать стихи, количество коих уже перевалило за сотни. Ещё думает выпустить книгу воспоминаний, благо память у него до сих пор исключительная. Хотел бы, конечно, найти спонсоров для издания книги, так как дело это, увы, недешёвое.

А когда приходят к нему его друзья – строители, он берет в руки гармонь и поет любимые песни молодости. Как на этом снимке.

**Рамазан ЕЛЕШЕВ**  
Енбекшиказахский район

# БАМАЛЫҚ ӘЛЕМГЕ ЖОЛ СІЛТЕГЕН ТҰЫНАДЫ

# ЕЛДІҢ ЕСІНДЕ ҚАЛҒАН КЕШ



Өнер көкжиегінде атақ-даңқы аспандап, халықтың қастер тұтар тұлғаларына айналып кеткен таланттар шоғыры арамызда баршылық-ақ. Олардың шынайы өнерлеріне халық қашан да қошеметпен қол соғып, лайықты құрметтерін көрсетіп, төбелеріне көтеріп жатады. Таланттарды тани білетін қалың бұқара ешқашан да қателесе қоймайды.

Осы аптаның басында ғана Қаскелең қалалық мәдениет үйінде есімі ел-жұрттың жүрегіне ұялап қалған Қазақстанның халық әртісі, өнер академиясының профессоры, театр қайраткерлері қоғамының төрағасы, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, сахна мен киноның саңлағы Тұңғышбай Жаманқұловтың «Өнер адамы» атты тақырыпта шығармашылық ән кеші болып өтті.

Бұл кеш талантты өнер қайраткерінің тұлға бойында тұнып тұрған тағы бір қырын ашып берді. Оның аталған кеші жай ән салу кеші болған жоқ. Өзіндік ерекшелігімен өрнек тапты. Тұңғышбай Жаманқұлов әр орындайтын әнінің алдында ән тарихына орай әдемі әңгімесін айтып, көрермен қауымға жан сырын жасырмай айтып отырды. Еріксізден езу тартқызар әдепті әзілдері мен қағытпа қалжыңдарын айтудан да шет қалмады. Оның әсерлі әңгімесі де, өз мақамымен салған әні де көрерменді мәнімен, мазмұнымен терең ой құшағына қалдырумен болды.

Мәселен, ақын Есенқұл Жақыпбековтің сөзіне жазылған, сазгер Қадырғали Көбентайдың «Өнер адамы» әні кімнің болмасын сезімін селт еткізбей қоймайды. Өнер адамының тағдыр төлейін айқындап, ашып берген бұл әнді тарлан талант иесі жеріне жеткізе орындады. Сол сияқты «Достар» әні де мұңға оранған әуенімен көрерменнің елжіретіп тастады. Осы ән орындалып жатқанда сахнадан өмірден ерте кетіп қалған оның достары, «Тамашаның» тарландары Құлайберген Сұлтанбаев, Мейірман Нүрекев, Тасқын Құлыбеков, Уәйіс Сұлтанғазиндердің бейнелерінің көрсетіліп тұруы көңілдерді босатып-ақ жіберді.

Оның бұл шығармашылық сырласу кешінде көптеген жаңа әндер орындалды. Олардың қай-қайсысы болса да халықтың жүрегінен жол тауып жатты. Бір сөзбен айтқанда, әншіге деген көрерменнің ризашылығында шек жоқ еді. Тұңғышбайдың бұл ән кешіне көршілес Жамбыл, Іле, Қордай аудандарынан көрермендердің келуі оның өнеріне деген зор сүйіспеншілігі мен құрметі болатын. Есте қаларлық бұл кеште аудандық әкімшілік Тұңғышбай Жаманқұловқа лайықты құрмет көрсетіп, сый-сияпатын жасап, ақ ниетті алғыстарын айтты.

Қанат ТӘКЕБАЕВ,  
журналист.  
Қарасай ауданы.

Қонаев қаласы кітапханасының ұйымдастыруымен ақын, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одақтарының мүшесі, Қонаев қаласы және Абай облысы Ақсуат ауданының Құрметті азаматы, ардагер ұстаз Алтыншаш Жақиянованың «Бәсіре-жыр» кітабының тұсаукесері болып өтті. Кітапхана оқырмандар назарына қаламы жүйрік ақынның шығармашылығына арналған кітап көрмесін ұсынды. Сонымен қатар, автордың жаңа еңбегіне дайындалған тартымды буктрейдер көрсетіліп, көрермендер кітаптың мазмұны мен идеясына жақынырақ үңілуге мүмкіндік алды.

Кітаптың тұсаукесеріне арналған рухани шараға ақын, Қазақстанның Құрметті жазушысы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Халықаралық ЮНЕСКО сыйлығының лауреаты, қазақ телевизиясының ардагері Жұмаш Кенебай-Көкбөрі, көрнекті жазушы, әдебиеттанушы-ғалым, филология



ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Нұрдәулет Ақыш, ақын, Қазақстан Жазушылар одағының Алматы облыстық филиалының төрағасы Ерман Тоқтар, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын, композитор, ҚР Мәдениет қайраткері, Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының бөлім басшысы Төлеужан Ғұмар, Қонаев қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, спорт және дене шынықтыру бөлімінің басшысы Абылайхан Мұстафа, ақын, публицист, Әлем халықтары Жазушылар және Қазақстан Жазушылар одақтарының мүшесі, Балқаш ауданы мен Қонаев қаласының Құрметті азаматы Ізтілеу Тойшыбайұлы, Қонаев қалалық Ардагерлер ұйымының төрағасы Базарбай Оралбаев, білім мекемелерінің педагогтері, кітапхана мамандары, жас оқырмандар қатысты. Кешке арнайы қатысқан Қонаев қаласы әкімінің кеңесшісі Сәуле Нұрсолтанова ақынға қамзол кигізіп, орамал сыйға тартып, қала әкімі атынан құттықтау хат табыстады.



«Бәсіре-жыр»- қазақы тәрбиенің мәйегін, ұлттық құндылықтың нәрін жас буынға жақын, жеңіл әрі жылы тілмен жеткізетін ерекше жинақ. Кітаптың атауы да бекер таңдалмаған: «бәсіре» сөзі - қазақ баласының ең қымбат сыйлығы, ата-дәстүрге адалдық белгісі. Алтыншаш Жақиянова осы ұғымды балалар поэзиясының нәзік үнімен астарлап, әр өлеңін баланың жан дүниесіне арналған рухани «бәсіре» ретінде ұсынады.

Тұсаукесерде сөз алған қонақтар ақынның балалар поэзиясына әкелген жаңашылдығын, табиғилығын және ұлттық бояуын ерекше атап өтті. Шара барысында жас оқырмандар - С.Тұрарбеков, А.Сайлаубек, Е.Ағабек А. Сәкеннова, А.Орынтай (ОМГ) кітаптағы өлеңдерді мәнерлеп оқыды. Автор «Бартолито» өлеңін өте шебер, табиғи әрі балаларға түсінікті етіп аударып шыққан. Бұл өлеңді оқыған оқушы Ж. Райымбек (№3 мектеп) өлеңнің көңілді мінезін, кейіпкердің дауыс ерекшелігін келтіріп орындап, қатысушыларды өзіне баурап алды.

Қазақ радиосының алтын қорына енген, Алтыншаш Жақиянованың сөзіне жазылған композитор Кентау Назарбектің әні «Бесік жырын» қалалық мәдениет үйінің әншілері - Сәкен Нұрпейісов пен Нартай Дарын орындады. Тағылымы мол шараны жүргізген кітапхана басшысы Айгүл Ақтанова кітапхана атынан есімі жазылған жеке мөрді естелік сыйға берді.

Ақын Алтыншаш Жақиянова өз сөзінде балаларға арналған поэзияның жауапкершілігі жоғары екенін, әр өлеңнің бала жүрегіне мейірім себуі тиіс екенін айтты. «Бәсіре-жыр» – балаларға деген шексіз сүйіспеншілігінің жемісі. Әр

өлеңім олардың жүрегіне жарық сыйласа, ізгілікке бастаса – соның өзі мен үшін үлкен бақыт», – деді ол. Жыр жинағы баланың табиғатқа сүйіспеншілігін, отбасылық құндылықтарды, достық пен адалдықты дәріптейді. Кітаптағы өлеңдер ұлттық мінез, жылы юмор және баланың танымына сай көркем өрнекпен жазылған. Қатысушылар мұндай рухани кештердің балалардың әдебиетке жақындауына үлкен ықпал ететінін айтып, ақынға шығармашылық табыс тіледі.

Ардагер ұстаз Алтыншаш Жақиянованың жаңа туындысы-балалардың қиялын ұштап, жүрегіне жылулық себетін, ұлттық әдебиеттің болашағын тәрбиелеуге бағытталған шынайы бәсіре сыйы десек, қателеспейміз.

Даража ЖОЛЫМБЕТОВА,  
Қонаев қаласы кітапханасының  
бөлім меңгерушісі.



## Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы хабарлайды

### Вирустық А гепатитінің алдын алу

Вирустық А гепатиті — бауырды зақымдайтын жұқпалы ауру. Ол көбіне лас қол, ласланған су мен тағам арқылы жұғады. Ауру әсіресе балалар арасында жиі кездеседі, бірақ кез келген жастағы адам ауыруы мүмкін.

Вирустық А гепатитінің алдын алудың ең тиімді жолы — жеке бас гигиенасын сақтау. Қолды тамақтанар алдында, дәретханадан кейін және көшеден келген соң сабынмен мұқият жуу қажет. Жұлымаған жеміс-жидек пен көкөністерді қолданбау, тек таза әрі қауіпсіз суды ішу маңызды.

Тағам қауіпсіздігі де үлкен рөл атқарады. Тамақты толық пісіріп жеу, белгісіз жерлерден дайын тағам сатып алмау, ас үй тазалығын сақтау аурудың алдын алуға көмектеседі.

Вирустық А гепатитінен қорғанудың сенімді әдістерінің бірі — вакцинация. Екпе ұзақ мерзімді иммунитет қалыптастырады және аурудың таралуын азайтады. Әсіресе балаларға, медицина қызметкерлеріне және қауіпті аймақтарға баратын адамдарға вакцина алу ұсынылады.

Қорытындылай келе, вирустық А гепатитінің алдын алу үшін гигиена ережелерін сақтау, таза су мен сапалы тағамды пайдалану және уақытылы вакцинациялау қажет. Бұл шаралар жеке адамды ғана емес, бүкіл қоғамды аурудан қорғауға мүмкіндік береді.

### Бруцеллез дегеніміз не?

Бруцеллез – адам мен жануарларға ортақ (зоонозды) жұқпалы аурулардың бірі. Бұл ауру көбінесе ауыл шаруашылығымен айналысатын адамдар арасында жиі кездеседі және ұзақ уақытқа созылатын, ағзаға айтарлықтай зиян келтіретін қауіпті дерт болып саналады. Бруцеллез дерт кезінде анықталып, дұрыс емделмесе, созылмалы түрге өтіп, еңбекке қабілеттілікті төмендетуі мүмкін. Бруцеллездің қоздырғышы – Brucella туысына жататын бактериялар. Олар негізінен ірі қара малда, қой-ешкіде, түйеде, шошқада және басқа да үй жануарларында кездеседі. Адамға ауру малдан немесе оның өнімдері арқылы жұғады.

Бруцеллез адамға бірнеше жолмен жұғады: ауру малмен тікелей байланыс кезінде (мал бағу, төлдеу, сою);

пастерленбеген немесе қайнатылмаған сүт пен сүт өнімдерін (айран, ірімшік, қаймақ) тұтыну арқылы; ауру малдың қаны, сілекейі, бөлінділері арқылы; терідегі жарاقاتтар мен сызаттар арқылы бактерияның енуі нәтижесінде; сирек жағдайда – ауа-тозаң арқылы (мал қораларда). Бруцеллездің белгілері әртүрлі және көбінесе жалпы әлсіздікпен басталады: дене қызуының толқынды түрде көтерілуі; қатты тершендік, әсіресе түнде; әлсіздік, тез шаршау; бас ауруы; бұлшық ет пен буындардың ауыруы; тәбеттің төмендеуі; ұйқының бұзылуы; кей жағдайларда бауыр мен көкбауырдың ұлғаюы. Ауру созылмалы түрге өткенде, жүйке жүйесі, тірек-қимыл аппараты, жүрек-қан тамыр жүйесі зақымдануы мүмкін.

Негізгі алдын алу шаралары: мал дәрігерлік бақылауды күшейтеу; малды уақтылы тексеріп, вакцинациялау;

шікі сүт пен сүт өнімдерін пайдаланбау, міндетті түрде қайнату; етті толық термиялық өңдеуден өткізу; малмен жұмыс істегенде арнайы қорғаныш киімін, қолғап пайдалану; терідегі жараларды уақтылы өңдеу; мал шаруашылығында санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау; халық арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу. Бруцеллезді емдеу дәрігердің бақылауымен, көбінесе антибиотиктер арқылы жүргізіледі. Емдеу курсы ұзаққа созылады және дәрілерді белгіленген уақыттан бұрын тоқтатуға болмайды. Бруцеллез – қауіпті әрі ұзақ уақытқа созылатын жұқпалы ауру. Оның алдын алу үшін жеке бас гигиенасын сақтау, мал өнімдерін дұрыс өңдеу және медициналық тексерулерден уақытында өту қажет. Денсаулықты сақтау – әр адамның өз жауапкершілігі.

Н. МЕДЕТОВ,  
«Қонаев қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бастығы»

**АЛАТАУ Ардагері**  
Басылым 2023 жылғы 7 қыркүйектен шыға бастады

**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**  
«Ардагер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігі  
Алматы облыстық филиалы  
Директор:  
Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ

**БАС РЕДАКТОР:**  
Роза Айдарбекова  
Тел.: 8 777 251 9310

**ТІЛШІЛЕР:**  
Алтынбай Сықымбек  
Тел.: 8 705 965 3661

Рамазан Елешев  
Тел.: 8 747 706 1334

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

«Алатау ардагері» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.

Газет аптасына 1 рет – жұма күні шығады.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап бермейді.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылдың 21 тамызында тіркеліп KZ91VPY00075894 номерлі куәлігі берілген.

Газет «Алматы-Болашақ» акционерлік қоғамының баспаханасында басылды. Алматы қаласы С.Мұқанов көшесі, 223-В.

**МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:**  
Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 13/1.  
«Алатау ардагері» газеті басылымның бүгінгі санның таралымы – 8500  
Тапсырыс №251  
Индексі – 65472.